

## Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 18 наурыздағы N 537 Заңы

**1-бап.** Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2001 жылғы 12 маусымдағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 11-12, 168-құжат; 2002 ж., N 6, 73, 75-құжаттар; N 19-20, 171-құжат; 2003 ж., N 1-2, 6-құжат; N 4, 25-құжат; N 11, 56-құжат; N 15, 133, 139-құжаттар, N 21-22, 160-құжат; N 24, 178-құжат):

1 ) 5 2 0 - 1 - б а п т а :

1-тармақтың бірінші абзацындағы "Салық төлеушіні мемлекеттік тіркеу" деген сөздерден кейін ", осы баптың 1-1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Салық төлеушілерді - заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктері мемлекеттік тіркеуді статистика жөніндегі уәкілетті орган ұсынатын хабарламалардың негізінде салық төлеушінің тіркеу нөмірін бере отырып, уәкілетті мемлекеттік орган аталған хабарламаны алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Хабарламаның нысанын және оны статистика жөніндегі уәкілетті органның ұсыну тәртібін уәкілетті мемлекеттік орган мен статистика жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бекітеді.

Салық төлеушінің куәлігін тіркелген заңды тұлғаға, филиалға және өкілдікке салық төлеушінің тіркеу нөмірін берген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде беру үшін оны салық органы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен келісім бойынша уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен әділет органына жіберуге тиіс.";

2 ) 5 2 2 - б а п т а :

2-тармақ алып тасталсын;

4-тармақтағы "1 және 2-тармақтарының" деген сөздер "1-тармағының" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 523-баптың 1-тармағы "Салық төлеушілерді" деген сөздерден кейін ", осы Кодекстің 520-1 бабының 1-1-тармағында көрсетілген салық төлеушілерді қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

4) 524-баптың 1-тармағының екінші бөлігі алып тасталсын;

5) 527-баптың 3-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-1. Қазақстан Республикасындағы қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу осы Кодекстің 520-1 және 523-баптарының белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жүргізіледі."

2. "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 35-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180-құжат; N 14, 274-құжат; 1997 ж., N 12, 183-құжат; 1998 ж., N 5-6, 50-құжат; N 17-18, 224-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 63, 64-құжаттар; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 1-құжат; N 8, 52-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 18, 157-құжат; 2003 ж., N 4, 25-құжат, N 15, 139-құжат):

1 ) 1 - б а п т а :

бірінші бөліктегі "Қазақстан Республикасы заңдарына" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заң актілеріне" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік "есептік тіркеу" деген сөздерден кейін "есептік" деген сөзбен толықтырылсын; "заңдарына" деген сөз "заң актілеріне" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 ) 2 - б а п т а :

екінші абзац "және таратылу" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ филиалдар мен өкілдіктердің құрылу және қызметін тоқтату" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші абзац "тұлғаларды" деген сөзден кейін ", сондай-ақ құрылған және қызметін тоқтатқан филиалдар мен өкілдіктерді" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 3-баптың бірінші бөлігі "қатысушылар" деген сөзден кейін "(мүшелер)" деген сөзбен толықтырылсын;

4 ) 5 - б а п т а :

тақырыбы "мемлекеттік тіркеуді" деген сөздерден кейін "және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеуді" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"осы Заңға сәйкес заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеуді";

үшінші абзацтағы "заңдарда" деген сөз "Қазақстан Республикасының заңдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші және алтыншы абзацтар "мемлекеттік тіркеу" деген сөздерден кейін "және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу" деген сөздермен толықтырылсын;

5 ) 6 - б а п т а :

тақырыбындағы "Мемлекеттік" деген сөз "Заңды тұлғаларды мемлекеттік" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші бөліктегі "екі" деген сөз "үш" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

"Заңды тұлғаның құрылтайшысы басқа заңды тұлға болып табылған жағдайда тіркеуші органға құрылтай құжаттарымен және басқа құжаттармен бірге құрылтайшыда-заңды тұлғада салық берешегінің жоқ екендігі туралы салық органының анықтамасы табыс етіледі.";

алтыншы бөліктегі "тауар рыногында" деген сөздер "тауарлар (жұмыстар, қызметтер көрсету) рыногында" деген сөздермен ауыстырылсын;

жетінші бөліктегі "заңдарда белгіленген тәртіппен" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен" деген сөздермен ауыстырылсын;

сегізінші бөлікте:

бірінші абзацтың екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда өзгеше белгіленбесе, осы тәртіппен көзделген құжаттардан басқа, қосымша:";

екінші және үшінші абзацтардың мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді;

тоғызыншы бөліктегі "Заңның осы бабында" деген сөздер "осы бапта" деген сөздермен ауыстырылсын;

оныншы бөліктің бірінші сөйлеміндегі ", оның филиалы немесе өкілдігінің" деген сөздер алып тасталсын;

он бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Бір немесе бірнеше заңды тұлғаларды қайта ұйымдастыру нәтижесінде пайда болған заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу үшін табыстау актісі немесе бөлу балансы, қайта ұйымдастырылатын заңды тұлға кредиторларының осындай қайта ұйымдастыру туралы жазбаша хабардар етілгенін растайтын құжат та ұсынылады.";

б ) 6 - 1 - б а п т а :

екінші бөліктегі "екі" деген сөз "үш" деген сөзбен ауыстырылсын;

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктерін тіркеу Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының филиалдары мен өкілдіктерін тіркеу үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген" тәртіппен жүргізіледі. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда өзгеше белгіленбесе, осы тәртіппен көзделген құжаттардан басқа, филиал (өкілдік) құратын шетелдік заңды тұлға шет мемлекеттің заңдары бойынша заңды тұлға болып табылатынын растайтын шетелдік заңды тұлғаның сауда тізілімінің заңдастырылған үзінді көшірмесін немесе басқа да заңдастырылған құжатты қосымша ұсынуға тиіс. Филиал (өкілдік) құратын шетелдік заңды тұлғаның құжаттары нотариалды түрде куәландырылған мемлекеттік және орыс тілдеріндегі аудармамен ұсынылады.";

төртінші бөлік алып тасталсын;

тақырыбындағы "Өздерін заңды тұлғалар ретінде" деген сөздер "Заңды тұлғаларды" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші бөлік "Егер" деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасының" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлік осы бөліктегі "шарты" деген сөзден кейін "және" деген сөзбен толықтырылсын; "серіктестіктері, акционерлік қоғамдар мен" деген сөздер "серіктестіктердің, акционерлік қоғамдардың, өндірістік кооперативтердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөлік "заң актілерінде" деген сөздердің алдынан "Қазақстан Республикасының" деген сөздермен толықтырылсын;

8) 8-баптың бірінші бөлігіндегі "қолданылып жүрген" деген сөздер алып тасталсын;

9) 9-баптың тақырыбы мен бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу (қайта тіркеу) мерзімдері

Шағын кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу) қажетті құжаттары қоса тіркеліп өтініш берілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей, ал өзге заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу) қажетті құжаттары қоса тіркеліп өтініш берілген күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізілуге тиіс.";

10) 10-баптың тақырыбы "Мемлекеттік" деген сөзден кейін "(есептік)" деген сөзбен толықтырылсын;

тақырыбы мен бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"11-бап. Мемлекеттік (есептік) тіркеуден және қайта тіркеуден бас тарту

Заңды тұлғаны құрудың және қайта ұйымдастырудың Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртібін бұзу, құрылтай құжаттарының Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес келмеуі, сондай-ақ табыстау актісін немесе бөлу балансын, ұсынбау не оларда қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның құқық мирасқорлығы туралы ережелердің болмауы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуден және қайта тіркеуден бас тартуға әкеп соғады.";

екінші бөліктегі "заңдарда" деген сөз "Қазақстан Республикасының заңдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі "мемлекеттік тіркеуден, филиалды (өкілдікті) есептік тіркеуден немесе қайта тіркеуден немесе қайта тіркеуден" деген сөздер "мемлекеттік тіркеуден немесе қайта тіркеуден, филиалды (өкілдікті) есептік тіркеуден немесе қайта тіркеуден"

деген сөздермен, "жазбаша түрде нақты заңға сәйкес келмеуіне сілтеме жасалған дәлелді" деген сөздер "ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасы заң актілерінің талаптарына сәйкес келмейтіндігіне сілтеме жасалған дәлелді жазбаша" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік (есептік) тіркеуден немесе қайта тіркеуден өткізу үшін төленген алымды қайтару Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделген реттерде жүргізіледі.";

1 2 ) 1 2 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"12-бап. Мемлекеттік (есептік) тіркеу немесе қайта тіркеу немесе қайта тіркеу туралы куәлік";

бірінші бөліктегі "Қазақстан Республикасы заңдарына" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заң актілеріне" деген сөздермен ауыстырылсын; екінші түзетуде мемлекеттік тілдегі мәтін өзгермейді;

екінші бөлік "куәлік" деген сөзден кейін "немесе филиалды және өкілдікті есептік тіркеу туралы куәлік" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөліктің екінші сөйлеміндегі "заң актілерімен белгіленген тәртіпте" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 13-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"13-бап. Мемлекеттік статистикалық есеп

Тіркеуші орган заңды тұлғаға, филиал мен өкілдікке мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) жүргізілгені, қызметінің тоқтатылғанын тіркеу туралы және орналасқан жерінің өзгергені туралы мемлекеттік статистика органдарына тіркеген күнінен бастап бір жұмыс күні ішінде хабарлама жібереді.

Хабарламаның нысаны мен оны мемлекеттік статистика органдарынан ұсыну тәртібін уәкілетті мемлекеттік статистика органымен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бекітеді.

Мемлекеттік статистика органдары тіркеуші орган хабарламаларының негізінде заңды тұлғаларға, филиалдар мен өкілдіктерге біріздендіріліп, бірдейлендірілген және басқа да жүйелік-есептік кодтарды екі жұмыс күні ішінде береді, олар туралы мәліметтерді Мемлекеттік статистикалық тіркелімге енгізеді.

Біріздендіріліп, бірдейлендірілген және басқа да жүйелік-есептік кодтардың берілгенін және Мемлекеттік статистикалық тіркелімге есепке қойылғанын растайтын құжат статистикалық карточка болып табылады, оны есепке қойылған күннен бастап мемлекеттік (есептік) тіркеуден немесе қайта тіркеуден өткен заңды тұлғаға, филиалға және өкілдікке беру үшін тіркеуші органға бір жұмыс күні ішінде жібереді.

Мемлекеттік статистика органдары заңды тұлғаларға, филиалдар мен өкілдіктерге

біріздендіріліп, бірдейлендірілген және басқа да жүйелік-есептік кодтар берілген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде салық төлеушінің мемлекеттік тіркелуін жүзеге асыру үшін салық органдарына хабарлама жібереді.";

1 4 ) 1 4 - б а п т а :

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда заңды тұлға Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қайта тіркеуге жатады.";

екінші бөліктегі "өкілетті органның" деген сөздер "заңды тұлғаның уәкілетті органының" деген сөздермен ауыстырылсын; "заң актілерінде" деген сөздердің алдынан "Қазақстан Республикасының" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөліктегі "жаңа қатысушының - заңды тұлғаның салықтар, алымдар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешегінің бар немесе жоқ екендігі туралы" деген сөздер "жаңа қатысушының - заңды тұлғаның салық берешегінің жоқ екендігі туралы" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Шаруашылық серіктестіктерін, жүз және одан да көп қатысушылары бар шаруашылық серіктестіктерін қоспағанда, қатысушылар құрамының өзгеру негіздемесі бойынша қайта тіркеу үшін Қазақстан Республикасының заңдарына және құрылтай құжаттарына сәйкес шығып кететін қатысушының, мүліктегі (жарғылық капиталдағы) үлеске құқығы оның иелігінен шығарылғанын (басқа біреуге берілгенін) немесе басқаға ауысқанын растайтын құжат ұсынылады.";

алтыншы бөлік алып тасталсын;

жетінші бөліктегі "мемлекеттік статистика органына және" деген сөздер алып тасталсын;

15) 16-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"16-бап. Заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын тіркеу

Заңды тұлғаларды тіркеуді жүзеге асырушы орган заңды тұлғаны тарату немесе қайта ұйымдастыру туралы шешімді алғаннан кейін Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген тарату немесе қайта ұйымдастыру тәртібінің сақталуын тексереді

Заңды тұлғаның таратылу негіздемесі бойынша қызметінің тоқтатылуын тіркеу ү ш і н :

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша таратылуды тіркеу туралы өтініш;

2) заңды тұлға мүлкі меншік иесінің немесе меншік иесі уәкілеттік берген органның не оған заңды тұлғаның мөрі басылған құрылтай құжаттарымен уәкілеттік берген заңды тұлға органының шешімі;

3) құрылтай құжаттары, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік пен статистикалық карточка;

4) заңды тұлғаның таратылуы, кредиторлар қойған талаптарды мәлімдеудің тәртібі мен мерзімдері туралы баспасөз басылымдарында ақпараттың жарияланғанын растайтын құжат;

5) таратылатын заңды тұлға мүлкінің құрамы, кредиторлар мәлімдеген талаптардың тізбесі туралы мәліметтер қамтылған аралық тарату балансы, сондай-ақ оларды қарау нәтижелері;

б) тарату балансы;

7) заңды тұлға мүлкі меншік иесінің немесе заңды тұлғаны тарату туралы, заңды тұлғаның мөрі басылған аралық және тарату баланстарын бекіту туралы шешімді қабылдаған өзге де органның шешімі;

8) заңды тұлға мөрінің жойылғандығы туралы құжат;

9) таратылатын заңды тұлғаның филиалдары мен өкілдіктерінің (олар болған жағдайда) есептен шығарылғанын растайтын құжат;

10) салық берешегінің жоқ екендігі туралы анықтама;

11) кеден органдарының кедендік төлемдер бойынша берешектері мен аяқталмаған сыртқы сауда мәмілелерінің жоқ екендігі туралы анықтама;

12) акция шығарылымдарының (акционерлік қоғамдар үшін) күші жойылғандығы туралы уәкілетті органның хабарламасы;

13) заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркелгені үшін бюджетке алым төленгенін растайтын түбіртек немесе құжат табыс етіледі.

Сот шешімі бойынша таратылған заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын тіркеу сот шешімінің негізінде жүзеге асырылады.

Егер тексеру процесінде таратудың немесе қайта ұйымдастырудың белгіленген тәртібін бұзушылықтар анықталмаса, тіркеуші орган заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын он күн ішінде тіркейді. Тиісті тауарлар (жұмыстар, қызметтер көрсету) рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектісі, сондай-ақ табиғи монополия субъектілері қызметінің тоқтатылғанын тіркеуді монополияға қарсы органмен алдын ала келісе отырып, тіркеуші орган жүзеге асырады.

Заңды тұлғаны таратудың немесе қайта ұйымдастырудың белгіленген тәртібін бұзушылықтар анықталған жағдайда тіркеуші орган тіркеуден бас тарту туралы шешім шығарады.

Заңды тұлға қызметін тоқтатқандығы туралы заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тіркеліміне жазба енгізілгеннен кейін ол өз қызметін тоқтатқан болып есептеледі.

Басқа заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылуы нәтижесінде құрылған заңды тұлғаны тіркеу осы Заңның 6-бабында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Акционерлік қоғамды қайта ұйымдастырған жағдайда тіркеуші органға, уәкілетті органның осы акционерлік қоғам акцияларының барлық шығарылымдарының күшін жою туралы хабарламасы қосымша табыс етіледі.";

16) 16-1-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Филиалды (өкілдікті) есептік тіркеуден шығару үшін, осы баптың бірінші бөлігінде аталған құжаттардан басқа, филиалдың (өкілдіктің) орналасқан жері бойынша салық органының салық берешегінің жоқ екендігі туралы анықтамасы талап етіледі.";

17) 18-баптың төртінші бөлігіндегі "эмиссиясын" деген сөз "шығарылымын" деген сөзбен ауыстырылсын; "заңдарда" деген сөз "Қазақстан Республикасының заң актілерінде" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. "Өндірістік кооператив туралы" 1995 жылғы 5 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 20, 119-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 274-құжат; 1997 ж. N 12, 183-құжат; N 13-14, 205-құжат; 2001 ж., N 17-18, 242-құжат; 2003 ж., N 24, 178-құжат):

1) 4-баптың бірінші бөлігіндегі "жарғының не" деген сөздер алып тасталсын;

2) 5-баптың 1-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Өндірістік кооперативтің құрылтай шартында мыналар болуға тиіс:".

4. "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" 1998 жылғы 22 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 5-6, 49-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2002 ж., N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 11, 56-құжат; N 24, 178-құжат):

67-баптың 2 және 5-тармақтары алып тасталсын.

5. "Коммерциялық емес ұйымдар туралы" 2001 жылғы 16 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 1, 8-құжат; N 24, 338-құжат; 2003 ж., N 11, 56-құжат):

1) 24-бап мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Коммерциялық емес ұйымның филиалы мен өкілдігінің атауы өздерін құрған коммерциялық емес ұйымның атауын көрсетуді қамтуға тиіс.";

2) 27-баптың 1-тармағының екінші бөлігі "берешектерін алуға" деген сөздерден кейін ", филиалдар мен өкілдіктерді есептен шығаруға" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 30-бап алып тасталсын.

**2-бап** . Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*